



З, Ш. ӘМИТОВ,
М. СА... ДОВ, Ә-С. АЙДАРҚҰЛОВ

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ
ТЕХНИКА ТАРАУЫ
БОЙЫНША ҚЫСҚАША
ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ



АЛМАТЫ ЖЕТИЖАРҒЫ

Б. Салаев, Ш. Әмитов,
М. Сатыбалдинов, Ә-С. Айдаркүлов

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКА ТАРАУЫ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2005



СПИ

«Жеті жарғы» ЖАҚ 2002 жылы Франция
өнеркәсібін қолдау Ассоциациясының
Алтын медалімен наградталды

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

*Қазақстан Республикасы ІІМ-гі академиясының
оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған*

Пікір жазғандар:

А.А. Исаев — заң ғылымдарының докторы, профессор

Қ.М. Кучуков — заң ғылымдарының кандидаты

А.С. Жиенбаев — заң ғылымдарының кандидаты

Жалпы редакциясын басқарған:

С.Е. Еркенов — заң ғылымдарының докторы, профессор.

Полиция генерал-майоры

С 18 **Салаев Б., Әмитов Ш., Сатыбалдинов М., Айдарқұлов Ә-С.**

Криминалистикалық техника тарауы бойынша қысқаша
дәрістер жинағы: Әдістемелік оқу құралы. — Алматы: Жеті
жарғы, 2005 — 144 бет.

ISBN 9965-11-170-7

Дәрістер жинағы криминалистикалық техника тарауы бойынша дайын-
далған жинақта қылмысты ашу, қылмыс іздерін зерттеудің криминалистік
әдістері, криминалистік техника, тактика, тергеу және алдын ала қолданыла-
тын әдістемелер қаралған.

Жинақ заң жоғары оқу орындарының студенттері мен тыңдаушыларына,
сондай-ақ ІІМ жүйесінің адъюнкттеріне арналған.

С $\frac{1203021300-009}{419(05)-05}$ 38 — 05

ББК 67.52

ISBN 9965-11-170-7

© Салаев Б., Әмитов Ш.,

Сатыбалдинов М.,

Айдарқұлов Ә-С., 2005

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2005

КІРІСПЕ

Біздің еліміздің қазіргі даму кезеңінде жаңа қоғамның өркендеп өрі қарай дамуы үшін заңдылықтың күшеюі, республика азаматтарының құқықтары мен өмірлерін қорғауының күшеюі басты міндет болып отыр.

Бұл туралы еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халқына деген «Қазақстан — 2030 Жолдауында» халқымыздың негізгі заңы Конституцияда, басқа да құқық қорғау заңдарында көрсетілген, яғни қылмыстылықпен күресуде барлық республикалық заңдарды қолданып, құқық бұзушылықтың жіберілмеуін және де әрбір қылмыскер өзіне тиісті жазасын алатынын айтқан болатын.

Бұл мақсаттарды шешу барысында құқық қорғау қызметкерлеріне заң ғылымдары орасан зор көмек көрсетіп, олардың білімдері мен дағдыларын қалыптастырып, қылмыстылықтың себебін зерттеп, қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алудың жаңа әдістерін іздеу жұмыстарын жүргізеді.

Қылмыстылықпен күресудегі проблемалар мен зерттеулерде негізгі ролді криминалистика атқарады, өйткені криминалистік білім, жедел іздестірушілердің, тергеушілердің, прокурорлардың және соттардың тәжірибелік дайындық сатысының басты компоненті болып отыр.

Дәрістер жинағын авторлар ұжымы мемлекеттік тілде дайындаған.

Аударма мәселесінің терминологиясына байланысты ұсыныстар мен сын-пікірлерді мына мекенжайға жолдауларыңызды сұраймыз: 490060, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 29, ҚР ІІМ академиясының криминалистика кафедрасы.

І-т а р а у.

КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ

§1. КРИМИНАЛИСТИКА ПӘНІ, ЖҮЙЕСІ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ, ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ, ТЕРГЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫ МАҒЫНАСЫ

1. Криминалистика пәні және оның міндеттері

«Криминалистика» деген термин латын тілінде «*kriminalis*», яғни «қылмысты» дегенді білдіреді, ал қазіргі заманымызға сай тұрмыстық жай дәрежеде «криминалистика» дегеніміз — қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алуды зерттейтін ғылым десек те болады. Алғашқы кездерде бұл терминді барлық қылмыстық-құқықтық ғылымдарының жиынтығын белгілеу үшін қолданған. «Қылмыстарды ашу әдістерінің тактикасы мен техникасы» деп алғаш рет ХІХ ғ. аяғында австриялық заңгер-ғалым Ганс Гросс «қылмыстық құқық ақиқаттары туралы ілім» деп атап, пайдаланған.

Алғашында «криминалистика» деп аталған, жаңадан ашылған бұл ғылымға қылмыстарды ашу үшін оның әдістерін, тактикасы мен техникасын зерттейтін ғылым ретінде дұрыс түсінік берілмеді. Себебі бұл ғылымды, көбінесе «қылмыстық техника» деп танып және осы термин ХХ ғ. 30 жылдарына дейін қолданып келген. Сөйтіп, аталған уақытқа дейін криминалистика тек қана техникалық салада қолданылатын ғылым деп қате түсінікпен қабылданған. Әрине мұндай көзқарас «криминалистика» пәнінің тежегіші болып, әлеуметтік әділ сынға енген және осы себептен криминалистика ғылымының теориясының дамуына кедергі болып, тәжірибе жүзінде қылмыстылықпен күресуге ынғай бермеген.

Ұзақ уақытқа дейін криминалистиканың пәні туралы мәселелер пікірсайысқа түскен. Сөйтіп, ХХ ғасырдың 50 жылдары, криминалистика пәні туралы көптеген пікірсайыстардың нәтижесінде оның құқықтық табиғаты, мақсаттары мен пәні анықталып, ережесі тұжырымдалып, қазіргі уақытқа дейін азғана өзгерістермен қолданылып келе жатыр, сонымен, криминалистика — қылмыс және оған қатысушылар жайлы ақпараттардың пайда болуы; дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау, пайдалана-

ну; қылмыстық тетіктің заң сыйымдылықтары және осының негізіндегі қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алудағы қолданылатын құралдар мен әдістер туралы ғылым.

Әрбір өзгеше ғылыми білімдерге тән, әрбір заң ғылымының саласы заңсиымдылықтарға қызмет етіп, оның қалай жаратылғанын, өркендегенін және өзіндік топтық құбылыстардың фактілердің, қарым-қатынастықтардың өзгерістерін зерттейді. Криминалистика пәнінің де ғылым ретінде өзіндік зерттейтін белгілі бір заңсиымдылық тобы бар.

Криминалистика жаңадан дамыған ғылым ретінде өркендеп, қылмыстың алдын алуда, әділеттікте, құқық қорғау органдарының, сот жүргізушілердің ақиқат орнату жұмысына себепші болып отыр. Осыған байланысты криминалистика, сот жүргізу жұмысындағы ақиқатты айқындаудың: сот, тергеуші, прокурор, сарапшылардың жұмыстарын, яғни қылмыстарды ашу, тергеу, қылмыстық істерді сотта қарастыру және азаматтық-құқықтық дауларды шешудегі жалпы жұмыстарды, тек қана осы саладағы объективті заңсиымдылықтарды зерттейді.

Криминалистиканың зерттейтін заңсиымдылықтарын сипаттай отырып, оның ең бастысына, қылмыс тетігінің заңсиымдылығына бағыттау керек. Қылмыскерлік дегеніміз – күрделі құбылыс және оны қазіргі кезде көптеген ғылымдар, әсіресе қылмыстық-құқықтық ғылымдар зерттеуде. Олардың әрқайсысы бұл құбылыстың белгілі бір ережедегі заңдылықты зерттейді. Ал криминалистиканың зерттеу объектісі ретінде: «қылмыс тетігінің» мазмұны болып табылады.

Қылмыстық тетікті (механизмді) – біз күрделі динамикалық жүйе деп түсінуіміз керек, оның ішіне: қылмыстың субъектісі, оның өзінің қылықтарына деген көзқарасы, нәтижесіндегі салдары, сыбайластары, озбырлық заты, қылмысты жасау және жасыру амалдары, қылмыстың нәтижесі, жағдайы (жасалған орны, уақыты және де басқа ағуалдары); оқиғаға амалсыз қатысушылардың қылықтары мен мінез-құлқы және т.с.с. жатады.

Барлық жүйелердей, қылмыс тетігі де белгілі заңсиымдылықтардың әсерінен қалыптаса тұра және өз қызметін атқарып, криминалистика пәнінің ішінде төмендегіше бөлінеді:

а) қылмыс тетігі элементтерінің арасындағы байланыстардың өсуімен пайда болу заңсиымдылығы;

ә) қылмыстарды жасау мен оларды жасыру әдістерін іске асыру және қолданудың заңсиымдылықтарының қалыптасуы;

б) қылмыстылықпен байланысты заңсымдылықтардың жаралуымен және олардың дамып өрбуі.

Әрбір қылмыс белгілі бір шынайы ақиқат жағдайда жасалады және әлемдік бітімдегі барлық жаратылыстардың өзіндік байланыстары туралы диалектиканың жалпы заңының күшіне сай айналадағы әлеммен байланыста болып, онымен қактығысып сол жерде көріністер қалдырады. Осы себептен де болар қылмыстардың барлық элементтері бір-бірімен байланыста болғандықтан, бір-бірімен және айналадағы әлеммен қактығысып, қылмыс туралы көптеген іздер туындап, осы қылмыс туралы және оның қатысушылары туралы көптеген әр түрлі ақпараттар қалдырады.

Қылмыс іздерінің құралуы немесе олардың пайда болуы, яғни оның айналадағы қалған «таңбалары» көріністің (шақтығысудың) қасиеті сияқты, жалпы материяның қасиетімен байланысты, қажет те және мүмкін болады. Ал көрініс процестері өз алдына ережелі бір белгілі заңсымдылықтарға бағынады.

Қылмыстың оқиғасы, әр адамның санасы және оқиға болған жерде әр түрлі болып көрінеді. Айналадағы бітпес санды объектілер, заттар және бүкіл әлемнің жаратылысының көрінісінің ішінен криминалистика тек қана қылмыстық тетік құрайтын объектілерді оның элементтеріне жататындарын ғана бөліп қарастырып, тек қана осы тетікпен қалдырылған іздерді зерттейді. Осылайша қалдырылған іздер, орнатылған заң бойынша кейін соңды *дәлелдеме арнасы* болып, ал оның ішіндегі ақпараттар іс бойынша *дәлелдеме* болып табылуы мүмкін.

Әрбір қылмыс (жалпы болатын оқиға немесе жаратылыс сияқты) айналамыздағы әлемде болып, сан түрлі көрініс қалдырады және сол жерлерде осы көріністердің сан алуан іздері де қалады. Өзгеше айтқанда, қылмыс және оған қатысушылар туралы ақпараттардың пайда болып туындау процесі: қажетті, қайтаналатын, тұрақты және жалпы қасиеттерден құрылып, объективтік заңсымдылықтың туындысы болып табылады.

Оқиға болған жердегі ақиқат шындықты білу үшін, қылмыс және оның қатысушылары туралы барлық жиналған ақпараттарды қолдану үшін оларға дәлелдемелік күш беру керек, ал ол үшін оларды, яғни дәлелдемелерді, орнатылған заңға сай зерттеп, бағалап, қолданған жөн.

Дәлелдемелерді жинау келесі кезеңдерден құрылады:

а) дәлелдемелерді тауып алу – яғни іздеу, айналадағы әлемнен дәлелдемелі ақпараттарды белгілеп, нақты мағынасы бар деректерді жинақтау;

ә) дәлелдемелерді бекіту – яғни орнатылған заңды түрде табылған акпараттарға дәлелдемелік күш беріп бейнелеу. Бекіту дәлелдемелерді сақтап, келешекте зерттеп, бағалап, қолдану үшін керек;

б) дәлелдемелерді алу – табылған дәлелдемелерді іске тіркеу, қажетті болса зерттеулер жүргізу;

в) дәлелдемелерді сақтау – яғни дәлелдемелерді қажет болған мерзімге дейін сақтап және де тергеу мен сот жүргізу барысында қолдануды қамтитын әрекет.

Дәлелдемелерді зерттеу – яғни: сот органдары, прокурор, тергеуші, анықтаушы, істерді жүргізу барысындағы дәлелдемелердің мазмұнын танымдап және нақты бір дәлелдеме іс бойынша жалпы дәлелдемелермен сәйкес келуін көздейді. Жиналып зерттелген дәлелдемелерді, тергеу әрекеттерін жүргізетін органдар: сот, прокуратура, тергеуші, дұрыс бағалап қолданады.

Дәлелдемелерді бағалау дегеніміз – іс бойынша дәлелдемелердің жарамдылығы мен қажеттілігін анықтаудағы күрделі логика-психологиялық процесс бола тұра олардың арасындағы байланыстарды сипаттап, шындықты орнату үшін ізделетін жолдар мен мағынаны анықтау.

Ең соңында, *дәлелдемелерді қолдану* дегеніміз – дәлелдеу процесі кезінде қолданылатын заңға сәйкес қылмыстық істің дәлелдеме заттарын құрайтын барлық мән-жайларды біліп қолдану.

Жоғарыда көрсетілген заңсымдылықтар, криминалистиканың өзінің қызметтік функциясын атқаруға, яғни тәжірибе жүзінде құқық қорғау органдарын, соттарды, қылмыстылықпен күресу жолындағы әдістермен, шаралармен қамтамасыз етеді. Қылмыстылықпен күресудегі криминалистикалық әдістер мен құралдар төмендегіше бөлінеді:

- жаратылу көзі бойынша;
- мазмұны бойынша;
- мақсаты бойынша;
- қолдану субъектілері бойынша.

Криминалистикалық әдістер мен құралдар қылмыстылықпен күресудің қайнар көзі бола тұра сонымен қатар тергеу, сараптама, жедел-ізвестіру, сот тәжірибелерінің даму нәтижесіне көмектеседі. Криминалистика ғылымы осы тәжірибені зерттей отыра оны қорытындылап, ой-сипаттап, одан әрі тәжірибеде қолданатын құралдарды, әдістер мен ұсыныстарды жаңғыртады.

Қылмыстылықпен күресудегі, криминалистикалық құралдардың тағы да бір қайнар көзі болып басқа да техникалық,

қоғамдық, жаратылыс ғылымдардың жетістіктерін, басқаша айтқанда криминалистиканың осы аталған ғылымдардың негізіндегі жаңа әдістер мен криминастикалық құралдарды енгізуі болады.

Тағы да бір криминастикалық құралдар мен әдістердің қайнар көзіне оның өзіндік ғылыми жұмыстарының нәтижелері кіреді.

Мазмұны бойынша криминастикалық құралдар мен әдістер:

- техникалық;
- тактикалық;
- әдістемелік деп бөлінеді.

қолдану мақсаттары бойынша екі түрге бөлінеді:

- соттық зерттеу әдістері мен криминастикалық құралдары;
- алдын ала тергеу әдістері мен криминастикалық құралдар.

Әрине осы екі түсініктің бір-бірімен тығыз араласуына байланысты бұл айырмашылық шартты ретінде көрсетілген. Ал енді криминастикалық құралдар мен әдістерді қолданатын субъектілерінің жіктеуін қарастырғанда, әдеттегідей тергеушінің, сарапшының, жедел іздестірушінің, соттардың қолданатын құралдары мен әдістері деп түсінеміз. Жоғарыда айтылып кеткендей, бұл жіктелу де шартты түрде қолданылады, өйткені тергеушіге де сарапшыға да екеуіне бірдей криминастикалық құралды қолдануға, заң тыйым салмайды.

Осы жоғарыда айтылғанның бәрін негіздей отырып, криминастика ғылымы туралы келесі ережені келтіруге болады:

Криминастика — қылмыс тетігі, қылмыс және оған қатысушылар жайлы ақпараттардың туындауы; дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау, пайдалану заңсымдылықтары және осы заңсымдылықтардың негізіндегі қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алудағы қолданылатын құралдар мен әдістер туралы ғылым.

Криминастиканың міндеттері: жалпы, арнайы және нақты деп бөлінеді.

Криминастиканың жалпы міндеті — барлық болған қылмыстарды тез және толық ашып, кінәліні (кінәлілерді) тауып және барлық қылмыс-жазалық озбырлықтың алдын алу мен тыю.

Арнайы міндеттері:

– криминастика пәнінің негіздерін құрайтын объективтік заңға сыйымдылықтарын әрі қарай зерттеп өркендету;

– қылмыстарды тергеудегі техникалық, жаратылыстық және гуманитарлық жетістіктерді қолдана отыратын технико-криминастикалық қамтуды әрі қарай игеріп жетілдіру;

– сот және алдын ала тергеудің әдістемелік, тактикалық және ұйымдастыру негіздерін әрі қарай игеріп жетілдіру;

– қылмыстардың алдын алудағы криминалистикалық әдістер мен құралдарды жетілдіру;

– шетел криминалистерінің жетістіктерін зерттей отыра, оны келешек ғылыми зерттеулер мен қылмыстарды ашуда қолдану.

Бұған қарамастан бұл ғылымның өзіндік нақты міндеттері де бар, олар келесілер:

– ұйымдасып таралған топтардың экономика саласындағы қауіпті қылмыстарды ашу әдістерін одан әрі қарай жетілдіру;

– ұйымдасқан топтармен қарақшылық жасаған қылмыстардың тергеу жұмыстарының әдістерін өркендету;

– объектілерді ЭЕМ-ның негізіндегі бір жүйелі криминалистикалық тіркеуге ала отыра, оларды салыстыру мақсатында жетілдіріп енгізу;

– иіс іздерімен микрообъектілердің сараптамалық зерттеулерін және оларды жинау әдістерін, идентификациялық дәрежесін өрестетіп енгізу.

Жоғарыда көрсетілген заңға сыйымдылықтар, криминалистиканың өзінің қызметтік функциясын атқаруға, яғни тәжірибе жүзінде құқық қорғау органдарды, соттарды қылмыстылықпен күресу жолындағы әдістермен, шаралармен қамтамасыз етеді.

2. Криминалистиканың жүйесі

Жүйе – яғни грек тілінен аударғанда «тұтас» деген мағынаны білдіреді, өзгеше айтқанда ережелі бүтіндік, біркелкі бөлшектер, элементтер бір-бірімен байланыста екенін білдіреді. Әрбір жүйе тек қана оның арасындағы элементтерімен байланыста бола тұра, айналадағы әлеммен де байланысып, оның бір бөлігі болып, жалпы бүтіндігіне жатады.

Осы жалпы ережені қолдана отыра криминалистиканың жүйесі дегеніміз – оның бөліктері, болмаса бөлшектерінің жиынтығы және бірліктігін құрайтын ішкі және сыртқы байланыстар десек болады. Криминалистиканың жүйесі оның даму кезеңінде қалыптасып, қазіргі уақыттың көзқарасына сай төрт бағыттан құралған:

1. Криминалистиканың жалпы теориясы.
2. Криминалистикалық техника.
3. Криминалистикалық тактика.
4. Криминалистикалық әдістеме (немесе белгілі бір жеке қылмыстардың түрін тергеу әдістері).

Криминалистиканың жалпы теориясы, әдістемесі өзіне тән жүйе туралы көзқарастарын, теориялық тұжырымдамаларын, дәрежелерін, түсініктемелерін, әдістері мен байланыстырып, ережелермен терминдерін құрайды. Бұл криминалистиканың әдістемелік негізі бола тұра, осы пәннің ғылыми көрінісі, оның бүтін бірлік екендігін айқындайды. Криминалистиканың жалпы теориясын құруға және ғылым ретінде дамуына төмендегі ғалымдардың белсенді жұмыстары себеп болған, олар: И.Н. Якимов, С.М.Потапов, А.И.Винберг, П.И.Горелова-Радионова, С.П.Митричев және т.б. криминалистер. Аталған ғалым-криминалистердің еңбектерінің нәтижесінде, криминалистика пәнінің теориясы дамып, тәжірибе жүзінде кеңінен қолданып келе жатыр. Бұл пәннің жалпы теориясының дамуында атақты профессор криминалист-ғалым Рафуил Самуилович Белкиннің еңбектері сөзсіз орасан зор орын алады.

Криминалистиканың жалпы теориясының басты элементтеріне:

1. Криминалистика пәнінің көзқарастарын қалыптастыратын, оның мақсаттары, бағыттары, даму заңдары, қағидаларының ғылыми білім жүйесіндегі орны және жалпы теорияның мазмұны мен түсініктері.

2. Криминалистика пәнінің негізі болып табылатын, объективтік шындықтың заңсымдылық көрінісі және тәжірибе жүзіндегі қылмыстылықпен күресудегі қолданатын криминалистикалық құралдар, ұсыныстар мен әдістемелер.

Жоғарыда көрсетілген ахуалдарды төрт бағытқа бөліп былай көрсетуге болады:

а) дәлелдемелердің жаратылуы (туындауы) туралы заңға сыйымдылықтары туралы криминалистикалық ілім;

ә) дәлелдемелерді жинақтау заңға сыйымдылықтары туралы криминалистикалық ілім;

б) дәлелдемелерді бағалау заңсымдылықтары туралы криминалистикалық ілім;

в) дәлелдемелерді қолдану заңсымдылықтары туралы криминалистикалық ілім.

Осы көрсетілген бағыттардың, яғни бөлімдердің мазмұны криминалистиканың жалпы ережелерін құрайды. Бұл жалпы ережелердің жекеленген криминалистикалық теориялары да бар. Мысалы, жеке криминалистикалық теорияның бірі болып: қылмысты жасау және оны жасыру, тергеуді алдын ала жоспарлау, іздердің пайда болу тетігі (механизмі) туралы ілімдерді жатқызуға болады.

Жалпы криминалистикалық теорияның құрамына төмендегідей элементтер кіреді:

- криминалистика ғылымының тілі;
- криминалистиканың жүйесі;
- криминалистикалық ғылыми зерттеулердің әдістері туралы ілім.

Криминалистика ғылымының тілі дегеніміз – криминалистикалық терминологияның құралы, аппараты. Осы себептің негізінде жана терминдер, яғни жана сөздер құрылып туындайды, ал ғылыми зерттеулерді жүргізіп ережелерді қалыптастыру үшін нышандар керек. Криминалистиканың ғылыми тілін игермей, оны түсіну қиындық тудырады, мысалы, басқа елдің тілін білмей, олармен сөйлесіп түсінісе алмаймыз. Осы себептен де болар, әр ғылымның өз тілін игеріп оны түсінген орынды болады.

Криминалистикалық жүйенің ішінде бір қатар бөлшектері де бар, оларға:

- ғылымның білімдерін жүйелендіру;
- өз арасындағы әрқайсысы тек қана бір топ құбылысты, процесті, объективтік шындықты жан-жақты құрайтын жүйелік көпшілікті жекелеу (мысалы, тергеу әрекетінің тактикалық тәсілдері);
- криминалистердің жұмысында қолданылатын әр түрлі криминалистикалық объектілерді жіктеу, олардың қасиеттерін, белгілерін, байланыстары мен қатынастарын, дәрежелері мен түсініктерін анықтау жатады.

Криминалистиканың ғылыми зерттеу әдістері туралы ілімі – криминалистикалық әдістеме осы ғылымның «құрал сайманы» болып табылады және осы «құрал сайманды» қолдана отыра криминалистика ғылымы өз пәнін зерттеп таниды. Жоғарыда көрсетілгендей криминалистиканың құрылымын түсіну үшін оны төмендегіше бөлген:

- криминалистиканың жалпы теориясы;
- криминалистикалық техника;
- криминалистикалық тактика;
- криминалистикалық әдістемелер.

Осы жоғарыда көрсетілген тараулардың әрқайсысын қысқаша түсініктері келесі ережелермен ашылады.

Криминалистиканың жалпы теориясы деп – оның әлемтанулық қағидаларының, теориялық тұжырымдамаларының, дәрежелерінің, түсініктемелерінің, әдістері мен ережелерінің жүйесін, криминалистика пәнінің сыртқы және ішкі байланыс-

тарын айтамыз. Осы тарау криминалистиканың әдістемелік негізі болып саналады.

Криминалистикалық техника — криминалистика ғылымының жүйесіндегі негізгі тарауы. Қазіргі уақытта криминалистикалық техника дегеніміз — ғылыми ережелер жүйесі және оның негізіндегі, қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алудағы, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және қолдануға арналған «техникалық құралдармен» қамтамасыз ететін тарауы.

Криминалистикалық тактика дегеніміз — ғылыми ережелер жүйесі және осы жүйенің негізіндегі сот және алдын ала тергеуді ұсыныстармен қамтамасыз етіп жоспарлап, сот және тергеу әрекеттерін жүргізетін тұлғаның тәртіп бағытын анықтайтын тарау.

Криминалистикалық әдістеме дегеніміз — ғылыми ережелер жүйесі және осы жүйенің негізіндегі жеке қылмыстардың түрлерін, қылмыстар топтарын тергеп, алдын алудағы тергеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, қажетті ұсыныстармен қамтамасыз ететін тарау.

Криминалистика ғылымының осы тараулары өзара тығыз байланысты, мысалы, техника, тактика және әдістеме тараулары өздерінің қызметтерін криминалистиканың жалпы теориясының негізінде ғана жүргізеді. Қылмыстылықпен күресіп, қылмыстық істерді жүргізу кезінде тактикалық әдістер мен ұсыныстарды қолдана отырып, криминалистикалық құралдар мен әдістерді де қолданған тиімді екені бәрімізге мәлім.

Осы пәнмен таныса отырып, оның тарихын да білген жөн. Яғни пәннің тарихын, генезисін білмесең, оқып отырған курс туралы да жақсы білім алу мүмкін емес. Айта кетсек, криминалистиканың тарихы көптеген әдебиеттерде жан-жақты және жеткілікті түрде ашылған. Сонымен қатар болашақ жақын арадағы криминалистиканың міндеттерімен, ғылыми-техникалық прогреспен, қылмыстарды ашу барысында компьютерлік жүйелерді дұрыс қолдануды, лазер техникасын, электрондық микроскопия сияқты жетістіктермен танысқан жөн.

Ал енді жалпы ғылыми білімдер саласындағы криминалистиканың орнын қарастырып көрейік, дәлірек айтқанда заңмен байланысты ғылымдардың арасындағы табиғатын қарастырайық.

Криминалистика заң ғылымы бола тұра төмендегі ережелерден құралған:

— оның объектілері мен пәні құқықтық жаратылыс саласында жатыр;

– қызметтік функциясы шешетін мәселе өкімет органдарының жұмыстарының құқықтық саласында қолданылады;

– тәжірибе жүзіндегі барлық қажетті тәсілдер, құралдар, әдістер мен ұсыныстар заңның негізінде болып құқықтық сипатталған және мұндай қажеттілік өміріміздің талаптарына сай туындап отыр;

– криминалистика көптеген қауымдық, жаратылыстық және техникалық ғылымдармен байланысты, бірақ ең басты «нәрлі қуат» беретін «құқықтану» пәндерімен қатар сот, тергеу және сараптамалық тәжірибенің нәтижелері болып отыр.

Криминалистика арнайы құқық ғылымдарының санына жатады. Өзара байланыстарына қарағанда криминалистиканы қылмыстық-құқықтық ғылымдардың тобына қосуға болады, өйткені бұл да қылмыстылықты, яғни оған қарсы күресті зерттейді. Криминалистика қылмыстық істі жүргізу процесімен өте тығыз байланысқан. Бұл – біріншіден, тарихи себептермен байланысты, өйткені криминалистика ғылым ретінде қылмысты жүргізу процесі ғылымының негізінен бөлініп шығып туындап өрістеген, екіншіден, зерттейтін мәселелер мен объектілерінің бірлігінен болар. Сот және тергеу жұмыстарындағы қылмыстық істерді жүргізудің тәртібі криминалистиканың ұсыныстарымен анықталады. Ал криминалистика болса, іс жүргізу дәрежелерін тиімді қолдану үшін қажетті құралдар, әдістер мен ұсыныстарды дамытып қамтамасыз етеді. Криминалистика – қылмыстық құқық пәнімен, сондай-ақ жедел-ізвестіру шаралары туралы және олардың теорияларымен де тығыз байланысқан пән.

Сонымен, криминалистиканың жүйесі оның даму кезеңінде құралып, қазіргі уақыттың көзқарасына сай төрт бағыттағы тауарларға бөлінеді:

1. Криминалистиканың жалпы теориясы.
2. Криминалистикалық техника.
3. Криминалистикалық тактика.
4. Криминалистикалық әдістеме немесе, белгілі бір жеке қылмыстардың түрін тергеу әдістемесі.

3. Криминалистиканың әдістері

Әдіс дегеніміз – алдын ала жүйеленіп жинақталған жалпы білімге сүйенетін «білім жолы» десек те болады. Бұл жүйенің негізінде білімдердің жалпы әдістері қолданылады. Криминалистика өркендеп даму үшін қылмыстың жаратылысын, оны

жасау мен жасыру туралы білімді теориялық әдістерімен зерттейді. Диалектиканың дәрежелері мен заңдары, ғылыми фактілердің арасындағы байланыстарды анықтап, олардың жаратылысын түсіндіріп, басты түсініктемелерінің қалыптасуына жол беріп, ғылыми дәрежесін анықтайды.

Криминалистиканың әдістері екі түрге бөлінеді:

- жалпы (жалпы ғылыми);
- арнайы (арнайы ғылыми).

Жалпы ғылыми әдістеріне: талдау, аналогия, (анализ және синтез), тұжырымдау, индукция мен дедукция; бақылау, өлшеу, салыстыру, суреттеп жазу, эксперименттеу және модельдеу әдістері жатады. Аталған әдістер ойлану нәтижесінің логикалық тәсілдері бола тұра, мұнымен ғана шектелмейді. Аналогия, талдау, тұжырымдау, индукция мен дедукция әдістері, тек қана ойлану қабілетінің нәтижесі ғана емес, жалпы тану процесінің түгелдей жүргізілуі. Мысалы, алдын ала тергеу әрекеті өзіндік тану процесі болғандықтан, ол криминалистиканың арнайы ғылыми құрылымына жатады.

Арнайы ғылыми әдістерге өзіндік ерекшеліктері бар әдістер жатады. Криминалистикада арнайы ғылыми әдістерді қолданудың өзіндік жеке ерекшеліктері бар. *Біріншіден*, бұл әдістерді қолдану, өзіндік қасиеттері бар объектілерді зерттеуге, яғни қылмыстың оқиғасын, оның салдарын, қылмыстық құрамының бар-жоғын, оқиғаның болу себебін тануға, бағытталған. *Екіншіден*, олар тек қана белгілі бір салада, атап кетсек, сот және тергеу жұмыстарында, сараптамалық зерттеулерде, жедел-ізвестіру шаралары кезінде ғана қолданылады. *Үшіншіден*, оларды қолдану ережелері іс-жүргізу шекарасындағы келіп түскен ақпараттардың мазмұнымен шектеледі.

Ал енді осы аталған әдістердің әрқайсысын бөліп қарастырайық.

Бақылау – белгілі бір объектіні, құбылысты немесе процесті алдын ала жоспарлап нақты мерзім аралығында бағытталып, зерттеу мақсатында ой-өрісте сақтау. Қылмыстарды ашу мен тергеу барысында модельдеудің 2 түрі бар:

- 1) ойдағы, естегі немесе идеалды;
- 2) материалдық немесе физикалық.

Тергеу жұмыстарында осы модельдеудің екі түрін де қолданады. Мысалы, тергеуші оқиға болған жерге қарап тұрып, ол жердегі қылмыс көрінісінің моделін көз алдында елестетіп, яғни қылмыстың қалай жасалғанын, қылмысты жасау барысындағы қылмыскердің іс-қимылдары мен басқа жағдайларды анықтайды.

Материалдық модель – деп мысалы үшін тергеуші оқиға болған жерді қарау кезіндегі табылған аяқ ізінің гипс құйма көшірмесін алуы. Модель мен түп нұсканың арасындағы ұқсастық ерекшеліктері дәлелдеу жұмыстарында қолданып, соның арқасында қажетті ақпараттарды тауып, оқиға болған жердегі мән-жайларды анықтап тексеру үшін қажетті. дәлелдемелерді іздеп, табады.

Криминалист ғалымдар тәжірибелік жұмыстар үшін арнайы әдістерді әрі қарай дамытып, оларды дұрыс қолдана отырып нақты мәліметтерді жинап, зерттеп, бағалап және қолдануды көздейді. Осы аталған арнайы әдістер:

- техникалық-криминалистикалық;
- тактикалық-криминалистикалық болып бөлінеді.

Арнайы техникалық-криминалистикалық әдістерге: сот фотографиясында қолданылатын контраст және түрлі түске бөлу әдістері, қаруларды криминалистикалық идентификациялау, қылмыс аспаптарын, олардың іздері бойынша, адамды оның фоторобот көрінісімен (сөзді портрет әдісімен) идентификациялау, одорология әдісімен (объектілердің өзіндік иісімен) идентификациялау, және т.с.с. әдістер жатады. Осы әдістер қылмыс болған жердегі материялық іздерді анықтап, зерттеп, бекітіп, сақтап және қолдануға арналған. Бұл әдістерді қолдану барысында математика, кибернетика, жаратылыстану, техникалық және басқа ғылымдардың жетістіктері кеңінен қолданылады.

Тактикалық-криминалистикалық әдіс дегеніміз – сот пен тергеу қызметтерінде, алдын ала тергеуді дайындау әдістерін, болжам құру, тергеу мен анықтау органдарының арасындағы байланыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру. Аталған әдістерге қылмыстылықпен күресудегі қоғамның, көпшілік ақпараттар жүйесінің көмегінің әдістерін де сөзсіз қосу керек. Тергеуге дұрыс бағыт беріп, қылмыстық істерді жүргізу барысында оның қатысушыларынан дәлелді ақпараттарды алуға жоғарыдағы әдістер арналған.

Тактикалық-криминалистикалық әдістер техникалық құралдарда кеңінен қолданылып іске қосылады. Мысалы, тергеуші болған оқиғаның жағдайына байланысты керекті техникалық құралдарды, қашан, қай жерде, қалай пайдаланылатынын, оны қолдану кезеңін, маман ретінде кімді қатыстыратынын нақты жоспарлап қолданады. Атап өткен әдістермен шектелмей, криминалистика басқа да ғылымдардың әдістерін де пайдаланып отырады.

Криминалистиканың басқа ғылымдардың әдістерін кеңінен қолдануы, ғылыми білімдердің интенсификациялық интеграциямен және дифференциациясымен байланысты болып отыр. Қылмысты тергеу процесі де өте күрделі. Оны ойдағыдай жүргізу үшін кешенді техникалық құралдар мен әдістерді, тактикалық және әдістемелік ұсыныстар қолданылады. Криминалистика да әрине ғылыми білімдердің интеграциясының шетінде қалған жоқ, өйткені соңғы кездері криминалистика кибернетикалық және математикалық әдістерді жиі қолданады.

Математиканың криминалистикалық техникадағы мағынасы өте зор, өйткені математиканың арқасында оның ғылыми негізінде материалдық іздерді бекіту, криминалистикалық тіркеулер мен есептер жүргізіледі.

Физико-химиялық микроэлементтерді талдау әдістерін де криминалистика кеңінен қолданып, атап айтқанда зерттелетін заттардың, физикалық және химиялық құрамы мен оның сан және сапасын анықтау үшін нейтрон-активациялық әдісті қолданады. Мысалы, бұл әдісті шаштың құрамындағы микроэлементтерді зерттеп, сот токсикологиясында, сот баллистикасында қолданады.

Қылмыстарды ашу жолындағы ғылымдардың жетістіктерін белсенді қолдану, криминалистиканың заңдарының өркендеу нәтижесін көрсетеді. Криминалистикалық техника тарауының жаратылыстану, техникалық т.б. ғылымдар салаларындағы жетістіктерді қолдануы оның ең басты арнасы байланыс жүйесі болып отыр.

Қылмыстарды тергеу әдістерінің тәжірибелі және талапты болуы үшін олар белгілі бір дәрежелерге сай болуы керек, яғни бұл әдістер ғылыми негізді, жіберілімді, тиімді және де қауіпсіз болуын қарастырады.

Ғылыми негізділік дәреже – ғылыми жұмыстардың нәтижесінде және тәжірибе жүзінде, эксперименттерде тексеріліп расталуы қажет. Әсіресе бұл дәреже затты дәлелдемелерді зерттеуде, соттық сараптамаларды тұжырымдау кезеңдерде анық байқалады.

Жіберілімділік дәрежесі дегеніміз – қолдануға ұсынып отырған әдістердің заңмен қайшы болмауы. Қолданып отырған әдістемелер заңды болып, заңға қарсы болмаса, мұндай әдістер жіберілімді деп саналады.

Тиімділік дегеніміз – біркелкі болып тұрған жағдайларда ең аз деген күш жігер мен уақыт ішінде жоғары көрсеткішті нәтижелерге жету. Криминалистикалық әдістердің тиімді, үнемді

болу шарттары, олардың өте қымбат болмауымен байланысты. Мысалы, кейбір криминалистикалық сараптамааларда, голография-лық зерттеу әдістерін, түрлі-түсті фотографиялық әдістерді қолдану, сөзсіз қажетті болғанымен, қаражат жағына келгенде өзін-өзі ақтамайды.

Сенімділік пен қарапайымдылық талаптары дегеніміз – қолданып отырған әдістердің түсінікті де қарапайымдылығы. Өйткені бұл әдістерді, тергеушіден басқа процеске қатысушылары да (мамандар, жедел-ізвестірушілер, куәгерлер т.б.) қиналмай қолдана білуі керек.

Сенімділік дегеніміз – қолданып отырған әдістердің барлығының қолдану ережелері сақтала отырып, тергеудің алдына қойылған мақсаттарына жеткізу.

Қауіпсіздік дәрежесі дегеніміз – криминалистиканың дамытып отырған әдістемелерінің қауіпсіздігі, яғни процеске қатысушылардың денсаулықтарына зақым-залал немесе жаракат келтірмеуі және қылмыстық істерді жүргізу барысындағы заңдардың қатаң сақталуы.

Сонымен криминалистиканың әдістері 2 түрге бөлінеді:

- жалпы (жалпы ғылыми);
- арнайы (арнайы ғылыми).

Жоғарыда көрсетілген заңсымдылықтар криминалистиканың өзінің қызметтік функциясын атқаруға, яғни тәжірибе жүзінде құқық қорғау органдарды, соттарды, қылмыстылықпен күресу жолындағы әдістермен, шаралармен қамтамасыз етеді.

Криминалистика дегеніміз – қылмыс механизмі, қылмыс және оған қатысушылар жайлы ақпараттардың туындауы; дәлелде-мелерді жинау, зерттеу, бағалау, пайдалану заңсымдылықтары және осы заңсымдылықтардың негізіндегі қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алудағы қолданылатын құралдар мен әдістер туралы ғылым.

§2. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МЕН ДИАГНОСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ МАҒЫНАСЫ

1. Криминалистикалық идентификация және топқа жатқызудың түсінігі

Қылмыстарды ашу мен тергеу барысында ол жерде қалдырылған іздермен жеке белгілердің бейне-көріністері бойынша осы тергелініп жатқан жағдаймен нақты адамның, заттың не-

месе басқа объектінің байланысын анықтау жиі туындайды. Мысалы, қол іздері, аяқ іздері, тіс іздері бойынша осы іздерді қалдырған тұлғаны анықтауға болады, автокөліктердің іздері бойынша тексерілетін автокөлік іздестіріледі, оқ пен гильзаның үстіндегі іздері бойынша, оны ату үшін қолданылған тапанша ізделінеді, қолжазу мәтінді зерттеу барысында оны орындаған тұлғаны сезіктілердің арасынан анықтайды.

Көрсетілген және осыған ұқсас жағдайларда объектімен қалдырған іздерінің көріністері бойынша идентификация (теңдестікті табу) жүргізіледі. Идентификация деген термин латын тілінен аударғанда «*iden*» тап соның өзі, дәл өзі деп аударылады. Сондықтан идентификациялау, яғни нақты объектіні табу, нақты затты немесе белгілі бір тұлғаны анықтау. Жалпы әлемдегі әрбір объектінің өзіндік ерекшелігімен қайталанбаулық қасиеттері бар, яғни ол тек өзіне ғана тән болып, басқалардан ерекше болады. Әрбір объект өзіне ғана тән ерекше белгілерімен сипатталады, осы себептен ол барабар болуы мүмкін. Бұл үшін оның қалдырған іздерінде жеке даралық, тек қана өзіне тән белгілері болса, оны өзіне ұқсас объектілердің арасынан бөліп, ажыратып, тауып алуға болады. Сондықтан идентификациялау – осы тап сол объект (адам, зат) екенін анықтауды білдіреді, немесе оны тінту барысындағы табылып алынған тапанша, жәбірленушіні өлтірген кезде дәл осы тапанша қолданғандығын білдіреді. Осындай белгілі бір жеке индивидуалды объектіні анықтауды идентификациялау немесе теңдестіру барабарлық яғни дәл өзін табуды білдіреді.

Осылайша, криминалистикалық идентификацияның мағынасы жеке даралық белгілерді біліп танудан тұрады, өйткені криминалистика дәлелдеу барысында, әрқайсысы өз алдына жеке болатын бөлектелінген әрбір объектілермен байланысты. Мұндай объектілерге: тұлға, із, қылмыс құрал-саймандары, неше түрлі құжаттар және қылмыспен байланысты барлық жағдайлар жатады. Кез келген объектінің даралық жекелігін тауып білу – оның өзі тәріздестерден ұқсастығын немесе өзгешелігін, айырмашылығын табу.

Криминалистикалық идентификацияның объектілерді анықтаудан тұратын міндеті: кінә мен жауаптылықты жекелендіру қағидасынан шығады. Осы қағида Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 8-бабында көрсетілген, онда қылмыстық процестің міндеттері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады.

Криминалистикалық идентификация жеке нақты объектілерді жекелендіру арқылы дәлелдеу заты туралы Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 117-баптың талаптарын жүзеге асыруына қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар идентификация термині әр түрлі мағынада да пайдаланатындығына назар аударуымыз керек. *Біріншіден*, криминалистикалық идентификацияны сипаттайтын ғылыми ережелердің жүйесі, яғни идентификацияның теориялық ілімі. *Екіншіден*, дәл өзін, теңдестігін немесе айырмашылығын анықтайтын тәсілі (әдісі) ретінде. *үшіншіден*, нәтижеге жеткендікті білдіреді (мысалы, № – деген азамат қол саусак іздері бойынша идентификацияланды делік. Бұл қорытынды нәтижені білдіреді, өйткені терезе әйнектің бетіндегі қол іздері тап осы кісімен қалдырылған). *Төртіншіден*, барабарлықтың бар екенін тура көрсететінін қолдану (мысалы, № азаматы терезенің бетін ұстаған болса, онда терезе әйнегінің бетіндегі қол саусак іздері дактилоскопиялық картадағы азамат №-нің папиллярлық өрнектерінің таңбаларымен дәлме-дәл келетіндігі анықталады).

Осы жөнінде С.М. Потапов: «криминалистикада барабарлықка (тождествоға) қарағанда идентификация терминінің кен мағынасы бар», -- деген. Идентификацияның тәсілін қолдану кезінде, тек қана тождество туралы емес, сонымен қатар тождествоның бар не жоқ екені туралы тұжырым, шешім шығарылатын зерттеу процесін білдіреді дейді. (С.М. Потапов. Принципы криминалистической идентификации//Советское государство и право. 1940. №1. 66 – бет.)

Криминалистикалық идентификацияда зерттеу барысы бірнеше кезеңнен құралып келесі сатылардан тұрады: идентификациялық зерттеудің бірінші сатысы болып идентификациялынатын объектіні, оның бейнелейтін сипаттары және алдағы салыстырып зерттеу үшін қажет үлгілердің сипаттарының зерттелуі табылады. Осылайша бөліп зерттеу деп аталатын бірінші сатыда идентификацияланатын объектілерінің жиынтығы анықталады, келесі екінші сатысы – белгілердің сәйкес келуін немесе олардың айырмашылығын анықтау үшін идентификация объектілерінің салыстырмалық зерттеуі болып табылады. Бұл сатының негізінде зерттелетін объектінің белгілерін терен талдау және тұжырымдауға негізделген ғылыми салыстырмалық зерттелуі жатыр, олар туралы ақпараттар керек болған жағдайларда, ғылыми-техникалық тұрғыдағы құралдарды пайдаланып қолдану нәтижесінде алынады. Идентификациялау барысында әрбір табылған белгіні жеке дара талдап салысты-

рып, ал оның бірдейлігі туралы шешім салыстырып жатқан объектілердің мәнін толықтай танып білуге мүмкіндік беретін тұжырымдау нәтижесіндегі белгілер жиынтығына негізделеді. Идентификацияның қорытынды сатысы болып анықталған сәйкестіктер мен айырмашылықтар негізіндегі белгілерді бағалау. Криминалистикалық идентификацияның белгілерді бағалау кезінде теңестігі, барабарлығы туралы шешімдердің дұрыстығын дәлелдеу керек, осы жерде салыстырмалық зерттелу барысындағы бақыланған сипаттары мен белгілердің арасындағы қажетті байланыстарды көрсете білу қажет.

Топқа жатқызудың түсінігі

Қылмыстарды тергеу барысында идентификациямен қатар белгілі бір объектілердің топтығын анықтау кеңінен қолданылады, яғни олардың тегін, табын, түрін, типін немесе өзгеше бір объектінің қандай да болмысын бір топқа жататындығын білу. Бір топтықты анықтау объектілер мен құбылыстарды олардың белгілері бойынша барлық көптүрлігін жіктеудің объективті мүмкіндіктеріне негізделген. Идентификация және топтықты анықтау ұғымдарын терең түсініп, бір-бірінен ажырата білу керек, сондықтан да тәжірибелік мысалдар мен теориялық тұжырымдарын қарастырып кеткеніміз жөн. Мысалы, кісі өлтірілген жерде аяқкиімнің ізі қалған дейік. Осы іздің көлемінің қажетті өлшемдерін, оның қалпын-формасын, табанының суретіне тән белгілері анықталса, онда аяқкиімнің ізі бойынша оның түрін, типін анықтау мүмкіндігі туындайды, яғни оның қай топқа жататындығы (спорттық аяқкиім, туфли, немесе етік) анықталады. Осылайша бұл жерде ізделінетін объектінің тек қана оның өзіне тән топтылығы анықталады, ал бұл мәселенің шешілуі тергеу үшін өте маңызды. Осының бәрі топқа жататындығын анықтау болып табылады, өйткені бұл әлі нақты, жеке объектіні анықтауға мүмкіндік бермесе де, атап айтқанда қылмыскердің аяғында тап осы аяқкиімнің болғандығы туралы тұжырым жасауға әзірге мүмкін болмаса да, тергеу үшін алғашқы мәлім, бағыт береді.

Соңғы жылдары оқиға болған жердегі қалған белгілері бойынша ізделінуші объектілерге жататын топтықты анықтауды диагностика деп жүр. Бұл термин гректің «*диагноз*» деген сөзінен шығып, қандай да бір жүйелік топты сипаттайтын негізгі белгілерді танып білуді, анықтауды, сипаттауды білдіреді.